



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ЗАҢДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА

Кітап туралы жалпы мағлұмат





### Кіріспе дәрісіміздің жоспары:

1. Алғы шарттарды негіздеу;
2. Кітаптың маңыздылығы мен құндылығы;
3. Құрылымы жайлы мәлімет.

1. Мемлекеттік «Рухани Жаңғыру» Бағдарламасының аясында Елбасының тапсырмасымен әлемдегі ең озық деген 100 оқулық таңдалып алынып, аударылған дүние жүзіндегі таңдаулы шығармаларды біздің білімге құштар жастарымызға ұсыну, білім нәрімен сусындату, заманымыздың ойшылдарымен кітап арқылы жүздесуін қамтамасыз ету бізге жүктелген болатын. Осындай айрықша туындылардың бірі – отандық және шет елдік сарапшылардың пайымдауымен экономика ғылымдары бойынша АҚШ-тағы Хьюбер Хурст құқықтық зерттеулерінің және юриспруденция профессоры, 80-нен астам ғылыми еңбектердің авторы Ди Маттеоның «Халықаралық бизнес заңдары мен құқықтық орта» атты кітабы. Кітаптың дайындығы кезінде А. Ларри де өз үлесін қосқан болатын.

Біздің еліміз үшін жаһандану заманында экспортты ұлғайтып, әлемдік тауарлық және қаржылық нарықтарды игеру кезек күттірмес мәселе екені түсінікті. Соңғы ширек ғасырда ғана нарықтық экономикаға көшіп отырған ел үшін сауатты ұйымдастырылған және тиімді дәрежеде әлемдік нарыққа шығу өте маңызды мәселе.

Мысалы, әңгімелесушілердің пікірінше, 2017 жылы сыртқы сауда айналымы бойынша жалпы 77 млн 646 млн 800 соманы құрды. АҚШ долларымен, бұл 2016 жылғы 25%-дан көп. Экспорт көлемі – 483421 млн АҚШ долларына, ал импорт 29304,7 млн АҚШ долларына тең болды. Барлығы белсенді, сауда балансы қамтамасыз етілген, бірақ 85% минералдық ресурстарды экспорттау немесе шикізат, ал импорт – машиналар мен жабдықтар, электроника, сондай-ақ нарықтық тұтыну тауарлары. Бұл жерде біз осындай қысқаша мәліметпен шектелеміз.



Әлемдік сыртқы сауда субъектілерінің қиын да, күрделі қалыптасу жолдарын келесі слайдпен суреттеуге болады. Қазақстан Республикасының 2007–2011 жылдарға арналған кезеңдегі бейнесі (АҚШ долларымен).

Жаһандану барысында Қазақстанның ұлттық экономикасы әлемдік экономикаға интеграциялануы жоғарғы қарқынмен жалғасуда. Бұл үрдіс Бүкіл әлемдік сауда ұйымының ӘСҰ туы астында жүзеге асуда, сондықтан бұл кезеңде сәттілігіміз осы саладағы мамандардың сауатты, салықалы істеріне тікелей байланысты. Мұнда бизнеске халықаралық құқыққа



негізделген ойындардың негізгі қағидалары мен бизнестің халықаралық құқықтарын негізге ала отырып, өзара қарым-қатынастарды дамытуға мүмкіндік беріледі. Осы тұрғыдан алғанда отандық экономикалық-құқықтық әдебиетте іргелі, жан-жақты, ауқымды оқулықтар мен монографиялар жеткіліксіз. Бұның негізгі себебі, ағылшын тілі мен ғылыми қызметкерлердің дайындық деңгейінің төмендігі. Мұның екінші себебі, шынайы өмірдегі көрнекі үрдістердің болмауы. Жекелеген шет елдік кәсіпорындармен бірлескен жеке бизнестің мардымсыздығы және оның өзі ірі ұлттық компаниялар арқылы ғана жүзеге асуында. Сыртқы қарызымыздың оның ішінде біздің фирмаларымыз бен банкілеріміздің фирма аралық қарызының еселеп өсуінің бір себебі, әлемдік нарықтың ойын тәртібін сақтаудағы олқылықтары деп есептейміз.

2018 жылғы маусымның 15-де ҚР Парламентінің Есептеу комитетінің мәлімдемесі бойынша ағымдағы жылда 2013 жылмен салыстырғанда мемлекеттік кепілдендірілген сыртқы қарыз 5,8 есе өсіп, 5005,8 млрд теңгені құраған. 2017 жылғы Квази-мемлекеттік сектордың жалпы қарызы 14 трилл 113 млрд теңгені құраған. Оның ішінде ең көп көлемдегі қарыз ХӘҚ «Самырұқ – Қазына» 9трлн 887млрд 700млн теңге. 2018 жылдың сәуір айында сыртқы қарыздың жалпы көлемі 166,6 млрд доллар болса, 63%-ы фирма-аралық, 26%-ы басқа секторлар, 8%-ы мемлекеттік, 4%-ы екінші деңгейдегі банктердің және АҚ Қазақстан даму банкінің қарыздары.

Біздің ойымызша, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында Қазақстан Үкіметінің батыс кәсіпкерлерімен ерекше жайлы инвестициялық климат деген дақпыртпен жасалған келісім шарттардың тиімсіздігі де еліміздің халықаралық заңгерлерінің жеткілікті дәрежедегі біліктілігінің жетіспеушілігінен болды деп айтуға толық негіз бар. Кеңес дәуірінде дайындық жүйесіндегі жүйе бойынша, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі заңгерлер, консультанттарға біздің мемлекетімізге деген қызығушылығы шынайы ерекше рөл ойнады. Әлемдік нарықта дүниежүзілік құқық бұзушылыққа сәйкес сот қарастырулары жүріп жатады, мысалы Әзербайжанға кетіп қайтарылмай жатқан БҰЖҚ-ның ақшасы, АҚШ-та ұсталып қалған Ұлттық қордың ақшасы т.б. Бұның бәрі біздің мамандардың білім деңгейінің жетіспеуінен десек қателеспейміз.

2. Ди Маттео кітабында жоғарыда айтылғандай, халықаралық бизнес туралы заң, бизнес жүргізу халықаралық стандарты, бизнес-стандартты қабылдайтын стандарттар, бизнес-стандарттарға халықаралық стандарттар, корпорациялардағы коррупция, қасақана қатерлер мен құқықтық тәртіптер бойынша толық ақпарат бар. Халықаралық бизнес стратегиясы мен бизнеске кіріспе, ал негізінен сыртқы нарыққа шығу мен шет мемлекеттерде бизнес құрудың ережелерінің егжей-тегжейін суреттеген. Осы кітаптың ауызша, жазбаша аудармалары қоғамға шығу үшін үлкен қызығушылық тудырады және өте жақсы жаңғырық береді.

Автордың авторлық құқығы бар, бұл оның кітабында студенттің және бизнесмендердің халықаралық тәртібінде реттелетін бизнеске кіріспе қағидаларына негізделген кітап болып табылады. Әрине, автордың айтуы бойынша, тек қана ол туралы ғана емес, сонымен қатар құндылығы мен бәсекелестік артықшылығын тудыратын заңмен де қолдануға болады. Трансмиссиялық тәсілдеме, ол Ди Маттео арқылы оқуға мүмкіндік береді, оқушылар кәсіпкерлік транзакциядан өту арқылы, сондай-ақ қаржыландыруға қарсы күрес, лицензиялау және көптеген басқа тұлғалардың іс жүзіндегі қолданылуына көмектеседі.

Бұл кітап Лоутленд, 7113 Авеню Нью-Йоркте үшінші басылыммен шығып отыр. Ди Маттео, 1988 жылғы американдық заңның 77–78-баптары бойынша заңды түрде осы кітаптың авторы болып табылады, сондықтан авторлық, дизайндық пен патентер бойынша толық құқылы. Кітаптың кіріспе сөз бөлімінде автор өз құқығы жайлы жан-жақты түсініктеме бере келе, оның рұқсатынсыз ешкім толық кітапты немесе кейбір бөліктерін қайта бастырып қолдануына тыйым салынады деп мәлімдеген. Сонымен қатар оны әртүрлі бүгін мәлім ертең беймәлім жолдармен қолдануға, фотокөшірме жасауға, басқаша сақтау жүйелерінде ақпарат жинақтау тек қана автордың жазбаша берген рұқсатымен ғана жүргізілуі мүмкін делінген.

Егер кітап 100-ге жуық оқулықтар қатарына қосылған болса, онда кітап авторынан қажетті рұқсат алынды деп есептейміз. Автордың алғы сөзінде көрсетілгендей бұл кітап «Томпсон» баспасында 2003 жылы алғаш рет жарық көрген. Екінші рет кітап Томпсонда АҚШ-тың Конгресінің кітапханалық каталогында жарияланды. Сонымен қатар, автор Ларри А. мырзаның қосқан үлесін де атап өткен жөн.



Бұл жаңа жарияланым материалдары негізінен салыстырмалы келісіммен сатып өткізу заңдылықтарын қамтиды. Еуропалық жеке құқық, Бірлескен кәсіпорындар Альянсын, ал жаңа бөлімі тікелей шет елдік инвестициялар мен жаңадан дамып келе жатқан нарықтар жайлы бөлімді қамтиды. Бұл үшінші басылымда жеке өмірдің қатаң қорғалуы және экологиялық мәселелер мен Бүкіл әлемдік сауда ұйымы туралы жаңа ақпараттар келтірілген. Жаңадан осы үш бағыт бойынша «Негізгі істің сәттері» тақырыбын атауға болады, оның құрамында жазылған транскриптерден алынған, соттарда қолданылатын аргументтерді және құқықтың негізгі қағидаларын түсіндірген. Бұл шешімдерді осы мәселе бойынша халықаралық аренадағы елдер қабылдайтыны түсінік тапқан. Бизнес құқығы және халықаралық бизнес курсы оқитын студенттер үшін Ди Маттеоның кітабы түсінікті әрі көңілге қонымды. Кітапқа ілесімді power points атты жаттықтырушыларға басшылық кеңес вебсайт және басқа да аспаптар келтірілген. Бұл кітап экономикалық-құқықтық білімдердің тек студенттерге ғана емес экономист практиктерге де, ғылыми қызметкерлер үшін де қайнар көзі болып табылары сөзсіз. Халықаралық іс-әрекеттермен айналысатындар мен құқықтық, этикалық, стратегиялық мәселелер қарастыратындар үшін автордың экспорттық, импорттық заңдық актілеріне жасаған талдауы мен транзакциялық зерттеулері аса құнды білім көзі екені даусыз.

Кітаптың кіріспе бөлімінде американдық жоғары оқу орындарының ғалымдарының пікірлері келтірілген. Дуглас Кэмминг Йорк университетінен профессор Ди Маттеоның кітабы өте жақсы безендірілген, жан-жақты дәлелденген, іскерлік құқықтың көп қамтитын шолу болып табылады. Кітаптың мазмұны үздік оқитын студенттерге бағытталған десек те, ол халықаралық құқықтың әр түрлі тақырыптарын игеремін деушілердің бәрінің кәдесіне жарамды. Аса мұқият құрылған кітаптың мазмұны халықаралық құқыққа шолумен қатар халықаралық келісімдердің негізгі жағдаяттарын қорытындылаған. Жаттықтырушы үшін тақырыптық зерттеулердің күнделікті нақты орындалуына байланысты мысалдар келтірілген.

Келесі рецензент Стефани М. Грин АҚШ Бостон колледжі: «Көпшілік мойындаған Халықаралық келісім-шарттардың сарапшысы ретінде профессор Ди Маттео өз кітабына Қытайдың жаһандық деңгейдегі сауда көлемінің аса жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын және оның қандай этикалық экологиялық салдары бар екенін қарастырған, сонымен қатар тұрақты даму барысында экологиялық этика климаттың өзгеруі және жеке адамның құқықтарының сақталуының құқықтық мәселелерін студенттердің өз уақыттарын тиімді пайдалану мәселелерін талқыға салған».

Рецензент Павла Репеюски (Университет Лидса Беккета): «Әлемдік нарықта кез-келген нарық қатысушысының әлемдегі жаһандануы мүмкін. Ди Маттео оқушысы осы жұмысқа басшылық етеді. Ұсынылатын алдыңғы қатарлы теориялық практиканы бағалаудың алдыңғы қатарлы әдістерін ұсынатын, қолданылатын сот шешімдеріне қатысты практикалық негіздемелерді растайтын ұсыныс. Бұл кітап студенттерге де, практиктерге де бірдей пайдалы».

Рецензент Лейн Аненсон (Университет Штата Мэриленд, США): «Ди Маттеоның кітабы құқықты түзетуге қолайлы құрылымды пайдаланушыға береді, оқырманға ориентациялауды жеңілдетеді, ал ақпарат қорғалған болуы мүмкін. Бұл құнды бизнес-құқығы бар халықаралық педагогтар мен зерттеушілерге арналған құнды ресурс».

3. Ендігі жерде Ди Маттеоның студенттерімізге, видео дәрісіміздің көрермендері мен басқа да қызығушылық танытқандарға кітаптың құрылымы жайлы мәлімет беруді жөн көрдік. Кітап 7 бөлімнен тұрады, әр бөлім тараулар пен параграфтарға тарқатылған. Бірінші бөлімде «Халықаралық бизнестің құқықтық ортасы», екінші бөлімде «Ауданды реттеу», үшінші бөлімде «Еуропалық одақпен Қытайда бизнес жүргізу», төртінші бөлімде «Салыстырмалы құқықтық жүйелер», бесінші бөлім «Экспорт, импорт пен сауда», алтыншы бөлім «Лицензиялау және интеллектуалдық меншік», жетінші бөлім «Тікелей шет ел инвестициялары» қарастырылған.

Кітап 630 беттен, 138 суреттен, 36 кестеден, 20 суреттемеден, 40 қысқартылымдардан тұрады.

**Дәрісте қолданылған материалдар келесі қайнаркөздерден алынған:**

1. International Business Law and the Legal Environment, 3rd edition, Larry DiMatteo;



Кітап: Халықаралық бизнес заңдары мен құқықтық орта  
Дәріс: 1. Кітап туралы жалпы мағлұмат

---

2. <https://strategy2050.kz/storage/realise/2f/6c/ff/22/6e/2f6cff226ec0be65a54afe2f2d6247db.jpg>;
3. <http://www.tamognia.ru/upload/iblock/3f4/3f4e47ffc26af9ef29c47ee96af2bcb4.jpg>.